

Естелікке
кәдесыйлар
3-бет



Көктеректің
бастаулары
4-бет



Табиғат сыйын
пайдалану қажет
5-бет



КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 30 (7914)
Жұма,
22 шілде 2016 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

★ ОБЛЫСТА

ШҚО -ДА ЭТНОТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҚОЛҒА

АЛЫНБАҚ

Аймақ басшысы Даниал Ахметов Катонқарағай ауданына жұмыс сапары барысында Берел қорғандарының негізінде этнотуризмді дамыту жоспарын дайындап, туристерді тарту үшін бар жағдайды жасауды тапсырды.

Этнотуризмді дамыту аймақтық жоспарына киіз үй үлгісіндегі ұлттық нақыштағы қонақ үй, арнайы жабдықталған тамақтану нысандарын салу сынды шаралар енгізіледі. Сонымен қатар, аймақ басшысы Берел жазығына келген адамдар ол жердің құндылығы мен көне заманның рухын сезіну қажеттілігін атап өтті. Осы ретте атпен жүру және жаяу жүргіншілерге арналған жол бағдарларын дайындауды тапсырды.

Аталған жоспарды іске асыру барысы қыркүйек айының басында Өскемен қаласында өтетін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция барысында талқыланады.

— Біз қорғандардың бетіне саркофаг орнату жұмыстарын жыл сайын қаржыландыруға дайынбыз, - деді ШҚО әкімі археологиялық экспедиция жетекшісі, профессор Зейнолла Самашевқа. — Осылайша, бір жағынан, археологтар тарихи мұрамызды зерттеу жұмыстарын жүргізсе, екінші жағынан, ғылым саласымен байланысты бизнес-үрдісті дамытатын боламыз.

Катонқарағай ауданының әкімдігі туризмді дамыту бағдарламасын дайындау мақсатында кәсіпкерлерді тартумен айналысады.

Шығыс Қазақстан облысында биыл 2016-2018 жылдарға арналған археология саласында ғылыми зерттеу жұмыстарын дамыту Жоспары шеңберінде еліміздің және шет елдердің жетекші ғалымдары бес көне археология ескерткіштерінде ауқымды қазба жұмыстарын жүргізіп жатқандығын айта кету керек.

ШҚО баспасөз қызметі.

★ АУДАНДА

Клубтарға -музыкалық аппаратуралар

Жуықта ауданның клуб мекемелерінде көркемөнерпаздар ұжымдарының концерттері ұйымдастырылды. Үш мәдени ошаққа музыкалық аппаратура сыйға тартылды.

Осындай кештердің бірінде Берел ауылдық клубында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин мәдени ұйымдастырушылар Назаргүл Отарбаева мен Анар Әбілқасеноваға музыкалық аппаратураны табыс етті.

Жиналған ауыл тұрғындары, ақсақалдар атқарушы билікке жол мен көпірдің жөнделгені үшін ауыл ішінде көшеге жөндеу жұмыстарын жүргізгені үшін, зор ризашылықтарын білдірді. Аудан әкімінің аудан игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарына сәттіліктер тіледі.

Дәл осындай музыкалық аппаратура Малонарым және Аққайнар ауылдарындағы клубтарға да табыс етілді.

* * *

Мүгедектерге арбалар табыс етілді

Осыдан біраз күн бұрын Үлкен Нарынның мүмкіндігі шектеулі екі тұрғынына мүгедектер арбасы табыс етілді.

Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Лаура Тоқсанова Қанат Алтыбаев пен Алмас Сабоевтың отбасыларында болып, көптен күткен арбаларын табыс етті.

Бұл техникалық құралдар жоғарыда есімдері аталған ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартып, олардың әртүрлі шараларға қатысуына мүмкіндік береді.

Мысалы, мүмкіндігінің шектеулігіне қарамастан, Қанат компьютермен жұмыс істей алады. Оның бөлмесінде дене шынықтыру жаттығуларын жасау үшін арнайы тренажер орнатылған. Ол әкесімен бірге көлік жүргізу ережесін үйренуде.

Мүгедектерге қарапайым тіршілікті қолжетімді ету және олардың өздерін басқа азаматтармен тең сезінуі үшін біздің қоғамымыз оларға тиісті қамқорлық көрсетуі қажет.

Өз тілшіміз.



МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ МЕКТЕПТЕ БОЛДЫ

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты генерал-лейтенант Абай Тасболатов Катонқарағайға келген сапарында аудан әкімі Ахметқали Нұрғожинмен бірге Ленин атындағы орта мектепте болып, мұғалімдермен кездесіп, әңгімелесті. Мәртебелі меймандарды мек-

теп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шәрбат Тобылова бір топ әріптестерімен қарсы алып, білім ұясының қазіргі жағдайымен қысқаша таныстырып, мектеп ішіне бастап жүрді. Осы бетте меймандар білім ұясының кіреберісіне қойылған Қазақстанның бітімгершілік батальонының құрамында Иракқа барып, ерлікпен қаза тапқан батыр жерлесіміз, осы мектептің

түлегі Қайрат Құдабаевтың ескерткіш тақтасы алдында аялдады. Мұнда генерал-лейтенант Абай Тасболатов Қ. Құдабаев туралы өз естелігін айтып, батыр жігіттің өсу жолдары, ерлігі жайында қысқаша әңгімеледі. Бұдан кейін мәртебелі мейман мектептің «Даңқ мұражайында», кітапханасы мен спорт залында болып, ондағы жұмыстармен танысты, ұстаздарға оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмыстарын жақсарту жөніндегі өз ақыл-кеңестерін берді. Жазушы жерлестеріміз, мемлекеттік сыйлықтардың иегерлері Қалихан Ысқақов пен Оралхан Бөкейдің шығармаларымен жақсы таныс екендігін, оларды сүйіп оқитындығын айта келе жерлес қаламгерлерді жас ұрпаққа кеңінен таныстыру - оқушылардың елге, жерге деген сезімдерін күшейту деп білу керектігін атап өтті. Сонымен бірге, ол мектеп мұражайын жаңа деректермен, кітапхананы құнды кітаптармен толықтыруға көмектеспек болды.

Өз тілшіміз.

БАРЛЫҚ ІСТЕ ҮЛГІ КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ

15 шілде күні Республика Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшесі, халықаралық істер бойынша қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі «ҚР ІҚ ардагері» ҚБ президиумының төрағасы, Халық қаһарманы генерал-лейтенант Бақытжан Ертаевтың аудан активімен, депутаттық корпуспен, Саяси кеңес мүшелерімен, интернационалист-жауынгерлермен кездесуі өткізілді.



Жиналғандар алдында мәжіліс депутаты Қазақстанның дамуы, Тәуелсіздіктің 25 жылдығына қатысты мәселелерді көтерді.

— Біздің өз рәміздеріміз, өз стратегиямыз бар, біз оларды мақтан тұтамыз. Мемлекет басшысы біздің алдымызға нақты міндеттер қойды. Және біздің міндетіміз — Президент тапсырмасын орындау, - деді Б. Ертаев. Кездесуде халықаралық қатынастарға, оның ішінде лаңкестіктің алдын-алуға, білім беру мен медицина салаларында, реформаларға, ауылдық жерде өзін-өзі басқаруға, жастарды Қарулы Күштер қатарында қызмет етуге даярлауға және басқа да көптеген мәселелерге қатысты сауалдар қойылды.

Кездесуде депутат партия фракциясы жұмысының бағыты мен өзінің депутаттық іс-қызметі жайлы әңгімеледі.

Өз сөзінде мәжіліс депутаты жастардың патриоттық

тәрбиесіне аса зор мән бере сөйледі.

— Патриоттық тәрбиенің маңыздылығы — қазіргі уақытта біздің айналамызда тек пікірлес достар ғана емес, қара ниетті қатерлі жауларымыз да бар екендігін есте сақтау. Сондықтан, қорғаныс бөлімі мен оқу мекемелерінің алдында ата-баба жерін қорғауға әзір жаңа ұрпақ өкілдерін даярлау бойынша аса зор міндеттер тұрғанын айта кету қажет. Қазіргі уақытта ҰОС ардагерлерінің қатары мүлдем сиреді. Демек, патриоттық тәрбие алауын жауынгер-интернационалистер өз қолдарына алуы тиіс. Ауған соғысына қатысушыларға барлығы да өзгеше қарайды, сондықтан, сіздер барлық істе үлгі көрсетуге тиіссіздер, - дейді генерал-лейтенант.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Б. Ертаев жиынға қатысушылардың сауалдарына жауап берді.

Өз кезегінде Бақытжан Ертаев жұмыс сапарының қорытындысын тиісті қызмет орындарының басшыларымен талқылап, Парламентте көтеруге уәде етті.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлбаршын Ағажаева мен кездесуге қатысушылар Б. Ертаевқа пайдалы кездесу өткізгені үшін ризашылықтарын білдірді.

Кездесу соңында Б. Ертаев жауынгер-интернационалистермен естелік суретке түсті.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

■ Ведомствоаралық комиссия отырысы



ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ЕСЕП БЕРДІ

Таяуда аудандық әкімдікте ауылдық округтер әкімдерінің, бөлімдер басшыларының, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы, білім беру және ішкі саясат бөлімдері өкілдерінің қатысуымен ведомствоаралық комиссияның отырысы өткізілді.

Комиссия отырысын аудан әкімі аппаратының жетекшісі Р. Құрмамбаев ашып жүргізді.

Күн тәртібінде қаралған негізгі мәселе – жергілікті полицияның атқарушы билік алдындағы есебі.

АІБ жергілікті полиция қызметі бастығының орынбасары, полиция майоры Қанат Әбенев 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында атқарған жұмыстары туралы баяндама жасады.

Қ. Әбеневтың айтуынша, аудан аумағында 18 учаскелік инспекторлар қызмет ететін 13 учаскелік полиция пункттері бар. Қ. Әбенев өз сөзінде аудан аумағындағы жедел жағдайды тұрақтандыру мақсатында ағымдағы жылдың алты айында «Құқықтық тәртіп», «Жасөспірім», «Нерест», «Участок», «Жылдамдық» атты жедел -алдын-алу шаралары ұйымдастырылып, өткізілді. Аптаның әрбір жұмасы мен сенбісінде ауылдық округтер аумағындағы криминалдық жағдайды ескере отырып, оны болдырмауға бағытталған қысқа мерзімді шаралар өткізілуде. Сондай-ақ, Қ. Әбенев қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша құқықтық тәртіпті қадағалауға бағытталған қоғамдық құрылымдар зор қолдау көрсетуде екендігін атап өтті.

Олар –кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша аудандық әкімдік жанынан құрылған комиссия, құрамында 87 адам жұмыс істейтін 13 қоғамдық кеңестер.

Қ. Әбенев жасөспірімдер

арасындағы қылмыстың алдын-алу шараларын жүзеге асыратын ювеналдық полицияның жұмысы туралы да баяндады. Аталмыш қызметтің жұмысы қылмысты қайталап жасаудың алдын-алуға, жалпыға бірдей құқықтық оқуды жүргізуге, қылмыс жасауға бейім тұлғаларды анықтап, есепке алуға бағытталған.

Қ. Әбеневтың есептік баяндамасы бойынша аудан аумағындағы елді мекендердің көшелері мен қоғамдық орындарында қоғамдық тәртіпті күзету бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілуде екендігін байқадық. Дегенмен, Солдатово, Өрел және басқа да ауылдық округтердің әкімдері жергілікті жерлердегі учаскелік инспекторлардың қызметіне қатысты бірқатар наразылықтар білдірді. Мысалы, Н. Сивицкая учаскелік инспекторлардың қызметінде жүйеліліктің, нақты жұмыс жоспарының, ауылдық округ әкімімен келісілген жұмыс кестесінің жоқ екендігін және т.б. жайлы айтты.

Сондай-ақ, ведомствоаралық комиссия отырысында 2016 жылдың бірінші жартыжылдығында мал ұрлығына қатысты құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша АІБ бастығының орынбасары Серікжан Нұрғалиевтің, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша атқарылған жұмыс туралы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Ж. Большманова ақпарат берді.

Ауылдық округтер әкімдері сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдылықтарды түсіндіру бойынша мемлекеттік органдармен бірлесе атқарған жұмыстары жайлы баяндады.

Нұрзада Исабаева.

■ Біздің міндет - халыққа қызмет

Жоғары атаққа лайық болуымыз керек

Құрманова Шолпан Мәжінқызы Верх-Березовка ауылының тумасы. Алматы политехникалық техникумын бітірген. 1980 жылы ауылдық Кеңес депутаты болып сайланды. Онан соң, Чернова ауылдық Кеңесінің хатшысы болып тағайындалды. Үлкен жауапкершілікті, біліктілікті, жан-жақты білімді талап ететін қызмет болғандықтан, Шолпан Мәжінқызы бар күшін, бос уақытын жұмысқа арнады. Ол кезде ауылдық Кеңестің төрт елді мекенінде бес мыңға жуық тұрғын болған. Барлық мәселелермен ауыл адамдары ауылдық Кеңеске жүгінетін. Бала туғаннан бастап, адамның қартайғанына дейін ауыл адамдарының өмірі «сельсоветпен» тығыз байланыста болған. Туған балаға тууы туралы куәлік беру, некеге тұрғызу, әкелікті анықтау куәлігін беру, нотариалдық іс-әрекеттерді жасау, түрлі анықтамаларды ресімдеу, шекаралық аумақ болғандықтан, рұқсат қағаздарын ресімдеп беру, тұрғындарды есепке алу, есептен шығару, халыққа Заңдарды түсіндіру жұмыстарының барлығын хатшы орындайтын. Сонымен қатар, ауылдық Кеңес депутаттары сессияларының, орындаушы комитет отырыстарының хаттамаларын ресімдеу, шаруашылықтар есебін жүргізу жұмыстары да хатшыға жүктелген болатын.

Содан бері 35 жыл өтті. Ел өмірінде де, ауыл өмірінде де, қызметте де көп өзгерістер болды. Ауылдық Кеңестер «Әкімшілік» болып, одан соң «Әкімдік» болып, енді «Ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ болып өзгерді. Атауы ғана емес, мемлекеттік қызмет түбегейлі өзгерді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың саяси күш-жігерінің арқасында жаңадан көптеген Заңдар, соның ішінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданды. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі

қалыптастырылуда. Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам бағдарламасының 10 қадамы тікелей мемлекеттік қызметті жақсартуға, оның ролін арттыруға, жауапкершілігін көтеруге арналған. Ол күнделікті жұмыста аталған өзгерістерді қолдай отырып халыққа көрсеткен қызметінің нәтижелі болуына көп көңіл бөледі.

Өткен жылдармен салыстырсақ, сол кезде жалғыз хатшы орындаған жұмысты қазір 2-3 маман атқарады екен, заманауи техника, компьютер, интернет жүйесі жұмысты едәуір жеңілдетті, әр мемлекеттік қызметші 3 жылда бір рет біліктілігін арттыру курстарына барып, тегін оқып тұрады. Барлық жағдай жасалған, сондықтан, талап та жоғары. Қазіргі кезде де әр мемлекеттік қызметшіге қызметінде зор жауапкершілік, жоғары сауаттылық, мәдениеттілік, үлкен қажырлық пен табандылық қажет.

Шолпан Мәжінқызы өз жұмысын ұнатады. «Қандай қиыншылықтар болса да, бір сәтке де осы еңбек жолымды таңдағаным өкінген емеспін. Өйткені, халыққа қызмет ету, күнделікті өз қажеттілігіңді сезіну, ауылдастарыңның ризашылығына бөлену – үлкен бақыт. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларындағы «Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды» деген сөздерді біз әрқашан есте сақтап, «Мемлекеттік қызметші» деген жоғары атаққа лайық болуымыз керек деп санаймын»-дейді Шолпан Мәжінқызы.

Аудан әкімі аппаратының персоналды басқару бөлімі.



КӨШПЕЛІ ТОП ТҰРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Аз қамтылған тұрғындарға мемлекеттік көмек ретінде «Өрлеу» бағдарламасы бойынша шартты ақшалай көмек көрсетіледі.

Бағдарламаға қатысушы ниет білдірген жағдайда түсініктеме мен кеңес алу үшін ауылдық әкімдікке жүгінеді,- дейді Новополяковка ауылдық округінің «Өрлеу» бағдарламасы бойынша ассистенті Валентина Аркадьевна Степкина. –Онан соң, құжаттарды толық жинақтап, алған жәрдемақының қандай мақсатқа жұмсалатындығын көрсетіп, жұмыспен қамту орталығына ұсынады. Құжаттары өткен жағдайда, ол «Өрлеу» бағдарламасына қатысушы ретінде шартты ақшалай көмек алады.

Жуықта жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің көшпелі тобы Новополяковка ауылдық округінде болып, тұрғындармен кездесті. Топ мүшелері тұрғындардың сауалдарына жауап берді, қарттар мен мүгедектер мәселелерін көтерді, пайдалы кеңестер берді.

Біз жобаға қатысушы алты адамның бірі – Павел Бердюгинмен кездестік. Ауылдық округ әкімдігі қызметкерлерінің айтуынша, Павел өте еңбекқор адам. Жеке ауласында сиыры, бірнеше ара шелектері бар. Бердюгиндер отбасы көпбалалы болғандықтан, оларға мемлекеттің көмегінсіз өте қиын болатыны белгілі.



–Біздің отбасымызда жеті бала бар. Мен «Өрлеу» бағдарламасына қатысу үшін ауылдық әкімдікке өтініш бердім. Бұл бағдарлама маған өте үлкен көмек берді. Өткен жылдың қарашасынан бастап жәрдемақы ала бастадым. Ағымдағы жылдың сәуір айында жеке кәсіпкер ретінде аяқ киім жөндеумен шұғылданауға бел будым. Өскемен қаласында тұратын досыммен хабарласып, оның қалай жұмыс істейтіндігін көріп келдім. Маған ұнады. Ол қажетті материалдар мен құралдарды, тігін машинасын сатып алуға көмектесті. Бұл

кәсіпті досымнан үйрендім,- дейді Павел. –Өзірге жұмыс жоқ. Өздеріңіз білесіздер, жаз уақытында біздің ауылда негізгі аяқ киім – етік пен галош. Меніңше, күзге қарай жұмыс болады. Бұл үшін арнайы бөлмені ж а б д ы қ т а п қ о й д ы м, темірден пеш жасадым. Шеберхана үшін жеке ғимарат салуды жоспарлап отырмын.

Павел қол қусырып, қарап отырмайды. Көпбалалы әкені өмір өзі үйретті. Ол санитарлық техниканы да жөндейді, пеш те соғады... Ауылда жұмыс аз ба?! Көмек сұрағандарға қол ұшын беруге әзір... –Өмірде шешілмейтін мәселе жоқ. Иә, жұмыс жағы қиын. Мен 26 жыл бойы Коробихада тұрдым, мұнда қоныс аударғаным үшінші жыл. Бұл ауылда тіршілік бар – біреуге құрылысқа көмектесесің, енді біреудің үйіне су тартасың, тағы біреуге пеш тазалау қажет... Жалпы, менің еңбегім сұранысқа ие. Өмір барлығына үйретті. Менің

жас жігіттерге айтарым: қазір сендер жұмыс іздейсіңдер, ал өздеріңді жағымды жағынан көрсетсеңдер, жұмыс сендерді табады,- дейді Павел.

Ата-анасы еңбекқор болса, баласы да жалқау болмайды. Бердюгиндер отбасындағы жеті баланың әрбіреуінің өз міндеті бар. Үлкені Даниил үй ішіндегі тәртіпке жауап береді, қажет болса, сиыр да сауады. Жеті жасар Антон үй құстарына күтім жасайды. Өкесінің айтуынша, Вадим, Иван және Денис олардың көмекшілері. Кенжелері Виктордың дүниеге келгеніне небәрі екі ай болған. Алты ұлдың арасындағы жалғыз қыз Таня – анасының көмекшісі.

«Күміс алқамен» марапатталған зайыбы Анастасия балалардың тәрбиесімен, бау-бақша күтімімен айналысады. Кейде көмекке Анастасияның анасы келеді.

Бердюгиндер - көпбалалы тамаша отбасы. Балалары өте ұнады – олар өте тату, әрі еңбекқор, мейірімді, қонақжай екені байқалып тұр. Тұрмыстарының қарапайым екендігіне шағымданбайды, мектеп болса таяп қалды, балалардың барлығына мектеп киімдері қажет. Асыраушы әрі отағасы бұл мәселенің еш қиындықсыз шешілетіндігіне сенімді.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

ААСК ХАБАРЛАЙДЫ

Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының «2016 жылғы Ақсу және Коробиха ауылдық округтері әкімінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» №14 шешімі

2016 жылғы 18 шілде

Үлкен Нарын ауылы

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 87-бабы, 4-тармағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32 және 36 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы №438 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығына сәйкес, Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ШЕШЕДІ:

1. Ақсу және Коробиха ауылдық округтері әкімінің кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 26 тамызға тағайындалсын.

2. Катонқарағай ауданының Ақсу және Коробиха ауылдық округтері әкімінің сайлауын өткізудің күнтізбелік жоспары бекітілсін.

3. Сайлаудың іс шараларын өткізу бойынша төмендегі мерзімдер анықталсын:

- Әкімдікке үміткерлерді ұсыну 2016 жылғы 27 шілдеде (сайлау күнінен 30 күн бұрын) басталып, 2016 жылғы 31 шілдеде (сайлау күніне 25 күн қалғанда) аяқталады.

- Үміткерлерді тіркеу 2016 жылғы 01 тамызда басталып, 2016 жылғы 10 тамызда (сайлау күніне 15 күн қалғанда) аяқталады.

- Сайлау алдындағы үгітті жүргізу 2016 жылғы 11 тамызда басталып 2016 жылғы 25 тамызда сағат 00-00 аяқталады.

ААСК төрағасы М. Тлеубаев.
ААСК хатшысы Т.Тлеудинова.

Катонқарағай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының құрамы:

Тілеубаев Мырзабек Мұхаметқалиұлы, комиссия төрағасы, Толықпаев Марат Нұрбайұлы, комиссия төрағасының орынбасары, Тілеудинова Тоты Әбілғазықызы, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері: Батырқанов Еркінбек Арғынбекұлы, Қауашева Әсем Қамбарханқызы, Нығметов Жанар Пазылұлы, Смағұлова Жаңыл.

ТУРИЗМДІ ДАМУ

ЕСТЕЛІККЕ - КӘДЕСЫЙЛАР

Ауданда туризмді дамыту мақсатында қолдан жасалған кәдесыйларды сату бойынша жәрмеңке ұйымдастырылды.



Жаз айларында Катонқарағай бағытындағы автотрассада көліктер қозғалысы жиілей түседі. Еліміздің түкпір-түкпірінен және шетелдерден туристер және қонақтар көптеп келеді. Олардың көпшілігі бұл жақтан естелік үшін елдеқандай бір зат сатып алғысы келетіні сөзсіз. Сондықтан, қосымша қолайлы жағдайлар жасау мақсатында, Согорное ауылының маңында кәдесыйлар мен ауданның бетке ұстар өнімдері – қымыз бен бал сататын сауда алаңы ұйымдастырылды.

Коробиха ауылының тұрғындары Евгения Кошкарлова мен Наталья Филимонова мектепте жұмыс істейді, екеуі де бисермен тоқыма тоқиды. Ауылдық кітапханашы Любовь Шуляк та қолөнерші, балалар үшін тамаша бас киімдер, жилеттер, қолғаптар және байпақтар тоқиды. Бұл шеберлердің қолымен жасалған өнімдерді жәрмеңкеге Коробиха әкімдігінің маманы Гаухар Елемесова әкелді.

Аққайнарлықтар сауда сәресіне өз шеберлерінің қолынан шыққан, қазақтың ұлттық оюымен

әшекейленген алаша, сырмақ және басқа да киізден жасалған қолөнер бұйымдарын шығарды. Ауылдық округтің өкілі Сейітхан Құрмановтың айтуынша, мұнда Еркеш Игісінова, Раушан Тоқабаева сияқты қолөнер шеберлері баршылық. Қайыңды ауылында да киізден дәстүрлі ұлттық бұйымдар жасауды үйрететін үйірме жұмыс істейді. Қазірдің өзінде аудан тұрғындарына танымал шеберлер – Байғажы Жақияров және оның ұлы Алмас ағаштан, теріден, металлдан және басқа да табиғи материалдардан тамаша заттар жасайды. Мысалы, Мемлекеттік «Берел» тарихи-мәдени қорық-мұражайында Байғажының ағаштан жасаған сақ тайпасының патшасы мен патшайымының мүсіндері қойылған.

Аталмыш ауылдық округтердің өкілдері, сондай-ақ, бұл жәрмеңкеге туристердің сұранысына ие болған тамаша табиғи өнімдер – қымыз бен балды да әкелді. Бұл әріне, ауданға келушілер үшін өте қолайлы, олар іздеп өуре болмайды.

-Аудан әкімі Ахметқали Ахашұлы Нұрғожиннің хаттамалық тапсырмасына сәйкес, біз биылғы жылдың маусым айынан бастап осындай жәрмеңкелер ұйымдастыра бастадық,- дейді кәсіпкерлік бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марат Солтанов. – Белқарағай ауылдық округі аумағында республикалық маңындағы жолдың бойында сауда алаңын жасайтын жерді анықтап, оны жабдықтадық. Әрбір жұма және сенбі күндерінде ауылдық округтер кезектесіп мұнда өз тауарларын әкеліп саудалайды. Бұл үшін арнайы кесте жасалған. Кәдесыйлар жәрмеңкесі тамыз айының соңына дейін жұмыс істейтін болады.

Жәрмеңкеге қолөнершілер, сондай-ақ, кәдесый цехы жұмыс істейтін мемлекеттік ұлттық табиғи парк қызметкерлері де қатысады.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.

БЖЗК ТУРАЛЫ БЕС САУАЛ



БЖЗК enpf.kz сайты мен әлеуметтік желілердегі Қордың ресми сайттарының оқырмандары мен кірушілері

жиі қоятын сұрақтарға жауап береді.

1. Мен әлі жаспын, ешқандай зейнетақы аударымдарым да жоқ. Болашақ зейнетақымының жақсы болуы үшін қазір не істеуім керек?

2018 жылдан бастап зейнетақы төлемдерінің, оның ішінде мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің мөлшері жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуға байланысты болады.

Мәселен, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі 10 жыл және одан аз болса не мүлдем болмаса, мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнгеріс деңгейі (бұдан әрі – ЕТК) шамасының 50%-на тең болады, оның мөлшері он жылдан артық зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің әрбір толық жылы үшін 2 пайызға ұлғаяды, бірақ республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ЕТК шамасының 100%-нан аспайды.

Бүгінгі таңдағы зейнетақының жинақтаушы бөлігі:

- 10% қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (бұл біз 1998 жылдан бастап ай сайын өз жалақымыздан 10% аударып отырып, жинап келе жатқан сома);

- 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұл еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды) қызметкерлердің пайдасына өз қаражаты есебінен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарынан төлейтін агент (жұмыс беруші) 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап аударатын - қызметкердің ай сайынғы табысының 5 % мөлшеріндегі сома);

- ерікті зейнетақы жарналары.

Бұған қоса, 2018 жылдан бастап, қолданыстағы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өзгерістер, яғни шартты-жинақтаушы құрамдауыш немесе жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізілетін болады. Оны жұмыс беруші зейнетақы жарналарын аудару үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 % мөлшерінде барлық қызметкерлеріне олардың еңбек жағдайларына қарамастан аудару үшін өз қаражаты есебінен төлейді.

Сіз әлі жассыз, бірақ қазірден бастап зейнет жасындағы тұрмысыңызды ойлағаныңыз абзал. Сіздің зейнетақыңыздың негізгі бөлігін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері, яғни зейнетақы жинақтары құрайды.

Болашақта зейнетақыңыз жеткілікті болсын десеңіз, міндетті зейнетақы жарналарының БЖЗК-ға тұрақты түрде әрі толық көлемде түсіп тұрғанын қадағалап отыру аса маңызды. Басқа жинақтаушы құралдар туралы да ойлаған артық болмайды, мысал ретінде ерікті зейнетақы жарналарын алуға болады. Ерікті жарналарды кез-келген қазақстандық төлей алады, ол ерікті зейнетақы шотын ашып, сол арқылы өз зейнетақы

жинақтарын көбейтеді. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі, оларды төлеу тәртібі, сондай-ақ зейнетақы төлемдерінің тәртібі ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімі бойынша белгіленеді.

Сонымен, егер Сіз зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты (шарттарды) жасамаған болсаңыз, БЖЗК кеңселерінің біріне жеке куәлігіңізбен келіп, жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішті (өтініштерді) ресімдегеніңіз жөн.

2. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары дегеніміз не?

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары – 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші еңбек жағдайлары зиянды (аса зиянды) жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін аударатын жарналар.

Бұл кәсіптердің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы №1562 қаулысымен белгіленген. Жарналар мөлшері міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысының 5 %-ын құрайды.

2016 жылғы 1 мамырда БЖЗК-да жинақтардың жалпы сомасы 76,2 млрд. теңгеге міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша 398 472 зейнетақы шоты ашылған.

3. Зейнетке шыққан кезде өзімнің барлық жинақтарымды бірден алуыма бола ма?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Заң) 34-бабы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БЖЗК Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алушыларға зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға міндетті. Аталған тәртіп Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013 ж. № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – Қағида) айқындалған.

Мәселен, Қағиданың 3-тармағына сәйкес зейнетақы төлемдері белгіленген кесте бойынша ай сайын, тоқсан сайын, жыл сайын жүзеге асырылады.

Бұл ретте, белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы мынадай шамаларда есептеледі және:

1) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аспайды (2016 жылы «2016-2018 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» ҚР Заңында ең төменгі зейнетақы мөлшері 25 824 теңгеге көбейтілді және 774 720 теңге болды (30*25 824));

2) зейнетақы жинақтары сомаларының Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесіне сәйкес алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген неғұрлым жоғары шамасынан аспайды. Бұл есеп алушының, яғни 58 жасқа тоған әйелдердің зейнетақы жинақтарының сомасы 8,223 млн. теңге және одан көп

болған, ал 63 жасқа толған ерлерде 7,401 млн. теңге және одан көп болған жағдайда қолданылады.

Егер алушының зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аз болса, алушы зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын ала алады.

Төлем жасалған соң жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз болған жағдайда, бұл қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

4. БЖЗК мобильдік кеңсесі дегеніміз не?

БЖЗК-ның барлық салымшылары мен алушыларының БЖЗК көрсететін қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында мерзімсіз болып белгіленген I, II топтағы мүгедектігі бар мүмкіндігі шектеулі адамдарға барып көрсететін жаңа «Мобильдік кеңсе» жобасы 2015 жылы қолданысқа енгізілді. Қордың бастамасымен құрылған осы Жоба салымшыларға жаңа мүмкіндіктер беріп отыр.

Жобаның басты мақсаты – халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, мүгедектерге ақпараттық-кеңестік көмек беру, салымшыларға зейнетақы қызметі бойынша Қор кеңсесінен тыс жерлерде тиімді қызмет көрсету. «Мобильдік кеңсе» жобасын іске асыру үшін салымшыларға барып қызмет көрсететін мамандар командасы құрылды. Команданың құрамында БЖЗК-ның әр филиалынан бір-екі өкіл бар.

БЖЗК-ға мүмкіндігі шектеулі салымшылар (алушылар) туралы мәліметтер БЖЗК мен «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» (ЗТМО) арасындағы ақпарат алмасу туралы шарт аясында ЗТМО дирекциясының «Азаматтарға арналған Үкімет» КЕАҚ филиалының деректері негізінде беріледі. Сондай-ақ ЗТМО деректерінің негізінде 2015 жылғы шілдедегі жағдай бойынша төлем алуға құқылы, бірақ Қорға өтініш жасамаған халықтың әлеуметтік осал топтарының тізімі Қордың ИААЖ базасынан алынды.

Таяу арада мамандардың барып қызмет көрсетуі арқылы мүмкіндігі шектеулі салымшылардан (алушылардан), ал Қордың 88000801177 Байланыс орталығы мен сыртқы enpf.kz сайты арқылы түзімдік және ерекше күзет объектілеріндегі тұлғалардан өтініштер қабылдау қызметін іске асыру жоспарланды.

5. Менің қызым күйеуге шыққан соң, тегін аустырырды. Бұл туралы БЖЗК-ға хабарлау керек пе?

БЖЗК салымшының (алушының) тегі, аты, әкесінің аты, туған күнінің өзгеру деректері туралы ақпаратты ЗТМО-дан автоматты түрде алады. Салымшыда қордың ақпарат беру жөніндегі міндеттемелеріне әсер ететін қандай да бір басқа өзгерістер (мекенжайы, электрондық мекенжайы және т.б.) болған жағдайда, салымшы бұл туралы БЖЗК-ға белгіленген тәртіппен хабарлауға міндетті.

Сондықтан, Қор барлық салымшыларынан БЖЗК-дағы деректерін тексеруді сұрайды және оларға өз жинақтары туралы ақпарат алудың барынша ыңғайлы, заманға сай, үнемді әрі жылдам тәсілін таңдап алуға кеңес береді. Себебі бұл тәсілге олардың мекенжайының, орналасқан жерінің өзгергені әсер етпейді.

■ Ауыл адамдары

Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, бірінші санатты ұстаз, аға ұстаз, еңбек ардагері... Бұл жетістіктердің барлығы Көктерек ауылының тұрғыны, 35 жылдық ұстаздық еңбек өтілі бар Назира Алитдинқызы Шакированың қолжеткізген жетістіктері. Бұған қоса ол өте белсенді адам.



Н.А. Шакирова 1943 жылы Теректі ауылында дүниеге келген. Осы ауылда алтыншы сыныпқа дейін орыс мектебінде оқиды, ал онжылдықты Новоберезовка ауылынан бітірген.

—Менің әкем Алитдин Рахымжанов наубайхана меңгерушісі болған. Ол тамаша аспаз еді. Ұжымшарда да еңбек етті. Оны жетіжасар кезінде Поволжьедең әкелген. Ата-анасы аштықтан қайтыс болған, ол өзінің шынайы тегін білмеді, тек әкесі мен анасының есімдерін ғана білетін. Нұғыман ауылында оны татар отбасы өсірген, бұл үйдегі отағасының есімі Ақай Рахымжанов болған. Осы отбасын-

да ол ержетті, анам Гүлнахарға үйленді, анам 1917 жылы Катонқарағайда туған, оның ата-анасы бұл жаққа әкемнен де ертерек келген екен.

Өзінің еңбек жолын Назира Алитдинқызы Теректі ауылындағы кітапхананың меңгерушісі ретінде мектеп бітіре салысымен бастады. Бірақ, өзінің алдына нақты мақсат қоя білген ол, халыққа білім беру бөлімі басшылығынан өзін Көктерек ауылына, негізінен татар ұлты бар ауылға жіберуді өтінеді және педагогикалық институтқа сырттай оқуға түсіп, мектепте жұмыс істегісі келетінін жеткізеді.

О с ы л а й ш а , 1962 жылы Назира Алитдинқызы Көктерекке келеді. Әскемен педагогикалық институтына сырттай оқуға түседі. Аталмыш ауылда еңбек жолын бастауыш сыныптар мұғалімдігінен бастайды. Онан соң, жоғарғы кластарға орыс тілі және әдебиетінен сабақ береді. Мектепте оқу қазақ тілінде жүргізіледі. Келер жылдың күзінде ол татар жігіті Хабибрахманмен тұрмыс құрады. жұбайы екеуі елу жыл тату-тәтті өмір сүрді, уақыт білінбей өте шықты. 2013 жылы жұбайы Х. Шакиров дүниеден озды.

Кеңестік дәуірде Көктеректегі орта мектеп — тірек мектебі болған. Яғни, мұнда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің өзіндік үздік тәсілдері қолданылатын. Әрбір оқушы үшін қажеттілігі мен

қызығушылығына және қабілетіне қарай өзін көрсете алатын мүмкіндіктер болды. Оқушылардың ата-аналары да мектеп өміріне белсене араласып, әртүрлі шараларды ұйымдастыруға зор көмек көрсететін. Мектеп қабырғасында оқушылардың жан-жақты өзірлігіне, өз бетімен мамандық таңдауына барлық жағдайлар жасалатын. Тәжірибе алмасу мақсатымен әртүрлі семинарлар өткізілетін.

—Орыс тілін оқыту бойынша тәжірибемді бөлісу мақсатында мен әртүрлі облыстық және аудандық семинарларға қатыстым. Кластан тыс жұмыстардың қалай жүргізілетіндігі жайлы жазылған менің баяндамам республикалық «Русский язык в казахской школе» атты журналда жарияланған, — дейді Назира Алитдинқызы. —51 жасымда мен зейнет демалысына шықтым. Сол кездегі заң бойынша төрт және одан да көп баланы дүниеге әкелген әйелдер зейнеткерлікке ерте шығатын. Ал біздің отбасымызда төрт бала тәрбиеленді.

Мектеппен қоштасуға тура келді. Оның есесіне ұстаз-ана қоғамдық жұмыстарға көбірек араласа бастады. Н. Елубаева мектеп басқарған кезде ұстаздар тобы татардың фольклорлық «Чишма» тобын құрды. Бұл топты құрудың мақсаты — жастарды ұлттық мәдениетке тарту.

—Фольклорлық топ мүшелерінің жасы әртүрлі — мұнда оқушылар да, егде тартқан адамдар да болды. Негізінен, олардың барлығы татарлар. Халық әндерін үйрену үшін пошта арқылы күйтабақтар жаздырып алатынбыз. 90-шы жылдардың басында — бұл «Чишма» тобының құрылған кезі — ауылдың қарапайым тұрғындары Харис Дүсіпов, мәдениет бөлімінің жүргізушісі Ғалым Мұртияев топтың әншісі және баянмен сүйемелдеушісі болған, — деп еске алады Назира Алитдинқызы. —Менің жұбайым да баянда ойнайтын, халық әндерін айтатын. Айтпақтайын, оның музыкалық аспабын мен аудандық Достық үйіндегі

татардың этномәдени орталығына табыс еттім. Онан соң, біз баянмен сүйемелдеу үшін аудандық мәдениет үйінің сазгері Талғат Байгереевті шақырдық. Ол көптеген заманауи әндерді біледі. 1997 жылы біздің тобымызды облыстық телевидениеге шақырып, «Чишма» тобы тез арада аудан тұрғындарының құрметіне бөленді. Бірақ, онан соң біраз уақыт үзіліс болды. Топтың жекелеген мүшелері мекен-жайларын ауыстырды, кейбіреулері дүниеден озды.

Биылғы жылы Қазақстан халқы бірлігі күнінде тағы да «Чишма» өнер көрсетті. Дегенмен, көктеректік өнерпаздар өз қабілеттерін жоғалтпаған екен. Олар бір жұдырықтай жұмылып, өз тындармандарын қуантты. Фольклорлық топтың қайта жандануына Н. Шакирова белсене атсалысты.

Белсенді, әрі жігерлі Назира-апай биылғы жылы ауылда Сабантоң мейрамын өткізуге де көп күш жұмсады. Ол өзі облыстың көптеген өңірлерінде өткен аталмыш татар мейрамына қатысқан. Оның арманы орындалды. Ұлттық бірлік пен достықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға қосқан үлесі, Сабантоңды ұйымдастыруға белсене атсалысқаны үшін білім беру саласының ардагері, «Чишма» тобының көркемдік жетекшісі аудан әкімінің Құрмет гармотасымен марапатталды.

—Жастар өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін ұмытпай, басқа халықтардың да мәдениеті мен дәстүріне құрметпен қараса екен деймін. Ал, татардың фольклорлық тобының қайта құрылуына, көпшілік жағдайда, ауданда Достық үйінің құрылуы ықпал етті, — деді әңгімеміздің соңында Назира Алитдинқызы.

Татьяна Самойлова.
Сурет автордікі.

АЛЫП КҮШ ИЕСІ



Уәли Нұрқасынов кәсіпқой спортшы емес. Алайда, оның жеке спорт залы, оның ішін толтырған жаттығу құралдары бар. Бұрын ағаштан салынған төрт бөлмелі үйіне қосымша құрылыс жүргізіп оның ішін зауыттық штангамен, гирлермен, гантельмен, кеуденің, қол мен аяқтың, мойынның бұлшық еттерін қатайтатын спорттық құрал-жабдықтармен, жүгіру жол тақтасымен сықап тастаған. Күнделікті таңертең және кешке бір-бір сағат уақытын спорттық жаттығуларға арнап, алпыс бес жасқа келсе де, өзін жас жігіттей, бабында ұстап келеді. Арнаулы білімі болмаса да, спорттық жаттығуларды бір спортшыдай жақсы біледі, сонымен қоса ол спорттың айнымас жанкүйері. Қазақстанның, әлемнің спорт жұлдыздарының аты-жөндерін қойып, әр жылдардағы қол жеткізген жетістіктерін де жатқа біледі. Жаттығу кезінде Уәлиге 170 килограмдық штанганы аяқпен сан рет көтеріп, түсіру, 32 килограмдық гирді екі қолымен кезек-кезек қалай керек, солай ойнату, жүгіру жол тақтасымен 5 километр қашықтықты еңсеру еш қиындық етпейді. Мұның барлығын У. Нұрқасынов тек өзінің денсаулығын жақсарту, үнемі сергек жүру үшін жасайды.

Темірден құйылғандай сом денесінде титімдей де артық ет жоқ, бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнаған Уәкенді көрген жанның кезінде өмірдегі өз орынын дұрыс таба алмай, ауылда ескерусіз қалып қойғаныңды-ай деп, ол үшін өкінері сөзсіз. Уәли Нұрқасыновта да сыртқа онша білдірмегенімен, ондай өкініш жоқ емес. Әскер қатарында жүргенде спортты өміріне серік етуге көп мүмкіндіктер болды. Бірақ, соларды жастықпен пайдалана алмады. Командирлері спорттотаға ауысуға рапорт жазуды ұсынғанда да өзі келіспеді. Етінің тірілігімен от басының қамын қамдап, «мал жинап»

сол кезде де ауқатты тұрған Бурахан Тұраханұлының шаңырағында ерке өскен жалғыз ұл-Уәли болашағы жайлы ойлап, басын қатырмады. Әскери міндетін өтегеннен соң, ешқайда да бөгелмей, туған ауылына тартып қойды.

Бұған дейін штанганың не екенін білмей келген қарапайым ауыл жігітінің жүз он килограмдық салмақты еш қиналмастан, жайлап және жұлқа көтергенін немесе күрестен дәрежесі бар ротадағы жігіттерді ешбір әдіс-айласыз ұстаған күнде екі бүктей салатынын көргенде, қаруластары таңдайларын қағып, өңінің сарылығына қарап «даланың сары аюы» атаған.

Әскер қатарынан оралғаннан соң да Уәли оқу іздеп, қала жағалаған жоқ. Әке кәсібін жалғастырып «Чернова» кеңшарына омарташы болып барды. Шаруашылықтың ара ұяларымен бірге өз меншігіндегі араларды «Баселей» (Василиді қазақтар осылай атап кеткен) деген телімде ұстап, басқаға мойын бұрмай еңбек етті. Зайыбы Сайгүл екеуі Аққайнар (бұрынғы Чернова) ауылынан бір көш жердегі омартада көктем мен жаз айларында қонаға жатып еңбек етіп, тонналап бал өндіріді. Қалтасы ақшаға толса да байлық қуып, дүние жинамады. Тапқан — таянғандарын күнделікті үй тірліктеріне жұмсап, одан артылғандарына жоғарыдағы спорттық жаттығу құралдарын сатып алды. Уәли оларды өзімен бірге тауға да, ойға да алып жүріп, жаттығуларын осы күнге дейін үздіксіз жасап келеді.

Өткен жылы оның басында мынадай бір қызықты оқиға болыпты. Аққайнарда осындай бір алып адам бар дегенді естіп, ол туралы республикалық теледидардан хабар дайындамақшы болған бір журналист жігіт Уәлиді жаттығу үстінде кездестіреді. Штанганы аяғына қойып алып емин-еркін бірнеше рет көтеріп түсірген Уәкенді көрген әлгі журналист білектен салмақтың 170 килограмм екендігіне сенімсіздік білдіргендей болады. Сол кезде Уәли тепсе темір үзетін отыздағы еңгезердей жігітке снарядтағы салмақты көтеруге ұсыныс жасайды. Штангиге батылданып барған әлгі жігіт қойылған салмақты бірнеше рет көтергенді қойып, орнынан да қозғай алмаған екен.

Қандай қасиет болсын, ұрпаққа атаның қанымен, ананың сүтімен тарайды. Жалпы, Уәли Нұрқасыновтың екі жұртында да мықтылар, алып күш иелері баршылық. Спорттық өнер, бойға біткен алып күш Уәлиге де, інісі Талғатқа да, жиендері Мәлікке де қанмен тараған. Талғат Жақыпов гир көтеруден КСРО спорт шебері, екі дүркін Қазақстанның чемпионы болған. Ал Мәлік болса, спорттың осы түрінен Азия чемпионы, КСРО спорт шебері атақтарын иеленген. Екеуі де көп жылдар бойы облыстың намысын үлкен-үлкен жарыстарда қорғаған бүкіл облысқа танымал азаматтар.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

ТЫЛ
АРДАГЕРІМЕН
КЕЗДЕСУ

Жарты әлемді қанға бөктіріп елу миллионға жуық адамның өмірін жойған гитлершіл Германияның Кеңестер еліне опасыздықпен соғыс ашқанына биыл 75, оны Кеңес әскерінің талқандағанына 71 жыл толып отыр. Отан үшін, ата-мекен жер үшін, кейінгі ұрпақ үшін кеудесін оққа төсеген, тылда күн демей, түн демей еңбек етіп Жеңіс күнін жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан, бізге бейбіт күнді, жарқын заманды сыйлаған тыл еңбеккерлерінің алдындағы жастардың, орта жастағылардың қарызы мен парызы үлкен. Міне, осыны жақсы түсінген Қызылжұлдыз мектебінің ұжымы оқушыларға, жалпы ауыл тұрғындарына елжандылық пен отансүйгіштікті насихаттауда көп жұмыстар жүргізіп келеді. Сондай мәдени шаралардың бірі жақында ауыл мектебінде болып өтті. Тыл еңбеккерімен болған басқосуды мектеп директоры Болатбек Мағзұмов кіріспе сөзбен ашып өзі жүргізіп отырды. Ол сол бір сұрапыл жылдарда Отан қорғауға барған жерлерстерін, олардың жасаған ерліктерін қысқаша баяндап, Әбуғали Төлесов басқарған ұжымшардың жеңіске қосқан үлесін ерекше мақтанышпен атап өтті. Сол жылдарда астық салып, төрт түлік малды өрбіткен шаруашылық миллионер атанып майдангерлерге азық-түліктер мен киім-кешектер жіберуден де алдыңғы орындардың бірінде болған.

—Өкінішке орай, қазір біздің ауылда майдангерлерден ешкім қалған жоқ, — деді Б. Мағзұмов. — Барлығы да о дүниелік болып кетті. Алайда, олардың көзін көрген мына біздер Таупих Қожраимов, Нұрлан Жарылғасынов, Әутәліп Қалиев тағы басқа майдангер ағаларымыз бен аталарымызды әрдайым мақтан етеміз, сондай-ақ бүгінгі күні ортамызда жүрген мына Сіздер, тыл еңбеккері біздің ең сыйлы да, қадірлі жерлерстерімізсіздер.

